

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау ХАТТАМАСЫ

Майтөбе ауылы

11.03.2026 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Майтөбе ауылы, Наурыз №25
Қатысқандар: Бөбекжай-бақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ: «Балауса» бөбекжай-бақшаның меңгерушісі Азимбаева Гаухар Тулеутаевнаның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Меңгерушісі Азимбаева Гаухар Тулеутаевна - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына және Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2026 жылдың 11 наурыздың № 21 бұйрығына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың 11 наурыз бен 18 наурыз аралығында, 2025 жылдың қаңтар айы мен 2026 жылдың ақпан айы аралығы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;

- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 8) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Жұмыс тобы:

Комиссия 2026 жылғы 11 наурыз №21 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен қамтылатын кезең:
2025 жылдың қаңтар айы мен 2026 жылдың қаңтар айы аралығы.

ШЕШІМ:

1. Жария талқылау хаттамасы масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Төрайым:  Г.Т. Азимбаева

Хатшы:  З.Д. Ережепбаева